**ҚОӘББ «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**2024 жылғы 11 қыркүйектегі**
**№ 1 ХАТТАМАСЫ**

**Өтетін орны:** мектеп-лицей
**Қамқоршылық кеңестің мүшелері қатысты**
**Қамқоршылық кеңестің төрағасы:** К.П.Ворожцова
**Шақырылғандар:** мектеп директоры Б.К.Кажиякбаров
Директордың орынбасарлары: И.И.Солодкая, К.М.Бертазина, Р.Ж.Мурзагалиев.
әлеуметтік педагог: Г.К.Калиева

## КҮН ТӘРТІБІ

1. 2023-2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы есеп.

   ҚК төрағасы К.П.Ворожцова
2. 2024-2025 оқу жылына арналған мектептің жұмыс регламентінің мәселелерімен келісу.

   Мектеп директоры Б.К.Кажиякбаров
3. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылар кеңесіне сайлау

   ҚК төрағасы К.П.Ворожцова
4. «Басқа санаттар» санаты бойынша табысы төмен отбасылардан шыққан балаларға 2 «Д» сыныптың оқушысы Ольховский Диасқа, 4 «Б» сыныптың оқушысы Ольховский Даниялға, 4 «Д» сыныптың оқушысы Зарлыков Бекнұрға, 7 «Д» сыныптың оқушысы Зарлыкова Аидаға, 6 «Г» сыныптың оқушысы Альшимбаева Мирамгульге және 9 «Б» сыныптың оқушылары Нысанбаев Дамир мен Нысанбаев Амирге 2024-2025 оқу жылы материалдық жалпыға бірдей білім беру қорынан «Тегін және жеңілдікпен тамақтандыру» материалдық көмекті көрсету туралы сұрақты қарастыру.

   Әлеуметтік педагог Г.К.Калиева

**Алғашқы сұрақ бойынша** Қамқоршылық кеңестің хатшысы Д.Б.Евжанова сөз сөйледі, ол 2023-2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмысы туралы барлық қатысушыларды хабардар етті. Жыл ішінде «Өзге санаттар» санаты бойынша материалдық табысы төмен отбасылардан шыққан балаларға арналған жаппай білім беру қорынан «Тегін жеңілдікпен тамақтандыру» материалдық көмек көрсету туралы сұрақты қарауға қатысты және Қамқоршылық Кеңестің мүшелері сұрақтың шешімін дұрыс деп қабылдады.

Қамқоршылық кеңестің хатшысы Қамқоршылық кеңестің екі мүшесі, олар: төрайым Э.Я.Совнукаеваның қызы 9 сыныпты бітіріп, Астана қаласында оқуын жалғастыруына байланысты Қамқоршылық кеңестің төрағасы бола алмайтынын және Қамқоршылық кеңестің мүшесі А.Т.Тажибаева басқа қалаға көшуіне байланысты №1 мектеп-лицейдің Қамқоршылық кеңесінің

құрамынан шығу туралы өтініш жазғанын баяндады. Құрамға мүшелік етуші жаңа тұлғаларды қабылдау үшін мектептің ата-аналары мен қаланың қоғам қайраткерлері тарапынан адамдарды қосу туралы ұсыныстар түсті.

**Екінші сұрақ бойынша** мектеп директоры Б.К.Кажиякбаров сөз сөйледі. Сөз сөйлеу кезегінде **«№1 мектеп-лицейде 2024-2025 оқу жылының басталуы мен аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ, оқушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін анықтау туралы»** 07.08.2024 жылғы №199 бұйрығымен таныстырды, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне мектептің жұмыс тәртібімен танысу, яғни, 2024 - 2025 оқу жылы сабақтардың ұзақтығы жайында келісу туралы өтініш жасады. Білім беру ұйымдары үшін белгіленген санитарлық нормаларға сәйкес оқушылардың ыстық тамағын ұйымдастыру үшін екі үзілістің ұзақтығы кемінде 15 минутты құрауы тиіс. Оқу ауысымдары арасында мектепті санитарлық тазалау жұмыстарына кететін уақыт 30-40 минутты қамтиды. Аталған жағдай II-ші ауысымда оқу сабақтары 14 сағат 30 минуттан ерте басталмайды, ал оқу үрдісі тек 20 сағат 35 минутта аяқталады, демек балалар қараңғы уақытта үйлеріне оралады, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Ақиқат негіздемеге байланысты әкімшілік, педагогикалық ұжым мен ата-аналар қауымы 2024-2025 оқу жылы сабақтарды 40 минутқа ұзарту туралы келісімге келуді сұрайды.

**Үшінші сұрақ бойынша** Қамқоршылық кеңестің хатшысы Д.Б.Евжанова №1 мектеп-лицейінің Қамқоршылық кеңес құрамына үміткер кандидатуралармен таныстырды. Дауыс беру нәтижелері бойынша барлық мүшелер бірауыздан «қолдап» дауыс берді, сондай-ақ, Қамқоршылық кеңестің мүшелеріне ұсыныс жасалды, Э.Я.Совнукаева төрағa өкілеттілігін өзінен алып тастауына байланысты, Қамқоршылық кеңес төрағасының лауазымына үміткер Кристина Петровна Ворожцова ұсынылды, барлық мүшелер бұл ұсыныспен бірауыздан келісіп, дауыс берді.

**Төртінші сұрақ бойынша** жаңадан сайланған Қамқоршылық кеңестің төрағасы К.П.Ворожцова сөз сөйледі, ол 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен және тоқсанда кемінде бір рет өтетін кеңес отырысының жоспарымен танысты.

**Бесінші сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Г.К. Калиеваны тыңдадық:**

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін Төтенше жағдайлар нәтижесінде

шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан отбасыларға, балаларға және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 бұйрығына сәйкес тегін тамақтану мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің келесі санаттарына беріледі:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;
3) жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға;
4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына (бұдан әрі - білім алушылар мен тәрбиеленушілер)

Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңес мүшелерінен жанұяның материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері негізінде және ата-анасының өтінішіне сәйкес аз қамтылған санаттағы оқушыларға тегін ыстық тамақ беру туралы шешім қабылдауды сұрайды.

«Басқа санаттар» санаты бойынша табысы төмен отбасылардан шыққан балаларға 2 «Д» сыныптың оқушысы Ольховский Диасқа, 4 «Б» сыныптың оқушысы Ольховский Даниялға, 4 «Д» сыныптың оқушысы Зарлыков Бекнұрға, 7 «Д» сыныптың оқушысы Зарлыкова Аидаға, 6 «Г» сыныптың оқушысы Альшимбаева Мирамгульге және 9 «Б» сыныптың оқушылары Нысанбаев Дамир мен Нысанбаев Амирге «Тегін және жеңілдікпен тамақтандыру» мемлекеттік қызметін көрсетуді сұрайды.

**Жоғарыда аталғандар негізінде шешім қабылданды:**

**1.1 Алғашқы сұрақ бойынша** – Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмысы көңіл толарлық деп қабылдансын.
**2.1 Екінші сұрақ бойынша –** Қамқоршылық кеңестің уәкілеттігі шеңберінде нормативтік-құқықтық актілер қамқоршылық кеңеспен келісілсін.
Негіздеме әділ болып саналады және 2024-2025 оқу жылында сабақтың ұзақтығын 40 минуттан бекіту туралы шешім қабылдансын.
**3.1 Үшінші сұрақ бойынша** – Қамқоршылық кеңестің құрамы бекітілсін, Қамқоршылық кеңестің төрағасы болып К.П.Ворожцова тағайындалсын, Д.Б.Евжанова хатшысы болып қалсын.
**4.1 Төртінші сұрақ бойынша –** Қамқоршылық кеңестің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен отырыстар жоспары бекітілсін.
**5.1 Бесінші сұрақ бойынша -** Табысы төмен отбасылардан шыққан балаларға 2 «Д» сыныптың оқушысы Ольховский Диасқа, 4 «Б» сыныптың оқушысы Ольховский Даниялға, 4 «Д» сыныптың оқушысы Зарлыков Бекнұрға, 7 «Д»

сыныптың оқушысы Зарлыкова Аидаға, 6 «Г» сыныптың оқушысы Альшимбаева Мирамгульге және 9 «Б» сыныптың оқушылары Нысанбаев Дамир мен Нысанбаев Амирге тегін ыстық тамақ берілсін және «Басқа санаттар» санатына енгізілсін.

**Қамқоршылық кеңестің төрағасы** К.П.Ворожцова

**Хатшы** Д.Б.Евжанова

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**2025 жылғы 30 қаңтардағы**
**№ 3 ХАТТАМАСЫ**

Кеңес мүшелері - 12
Қатысқандар - 3

**Өтетін орыны:** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп – лицейі» КММ, Чехов к-сі 98.

**Қатысқандар:**

1. *К.П.Ворожцова - Қамқорлық кеңесінің төрағасы*
2. *Ю.А.Каратаев*
3. *А.А.Ракович*
4. *Д.А.Качеев*
5. *В.Ф.Байгереева*
6. *А.В.Энгельгарт*
7. *Б.М.Утегенова*
8. *А.Б.Алтыбаева*
9. *Ю.А.Калюжная*
10. *Е.В.Сотников*
11. *М.Е.Сатубалдина*
12. *В.Рыдченко*

**Қатыспағандар:** белгілі себептерге байланысты А.А.Ракович, Ю.А.Калюжная, Е.В.Сотников

**Қатысқандар**: №1 мектеп – лицейдің директоры Б.К.Кажиякбаров, директордың ОІ жөніндегі орынбасары И.И.Солодкая, директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазина, әлеуметтік педагог Г.К.Калиева, медициналық қызметкер Б.У.Мурзахметова.

**Күн тәртібі:**

1. Оқу-тәрбие үрдісінде жобаларды жүргізу барысы туралы («Біртұтас тәрбие» , «Баланың қауіпсіздігі-қоғамның басымдығы» бір тұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру.

Директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазина

2. Мектепте санитарлық-гигиеналық режимнің орындалуын бақылау. Мектеп асханасының жұмысы, ыстық тамақ сапасы туралы.

Директордың ОІ жөніндегі орынбасары И.И.Солодкая

3. Әлеуметтік осал отбасылар санатына жататын оқушыларға жалпыға бірдей білім беру қорынан әлеуметтік көмек көрсету.

Әлеуметтік педагог Г.К.Калиева

**Отырыс барысы:**

**Алғашқы сұрақ бойынша** директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазинаны тыңдадық.

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласының білім бөлімі» ММ 12.08.2024 жылғы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын бекіту туралы» №760 бұйрығы негізінде №1 мектеп-лицей білім беру ұйымында «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасын іске асыру туралы» 27.08.2024 жылғы №215 бұйрық шығарылды, сонымен қатар, аталған бағдарламаны енгізу мектептің Тамыздық педагогикалық кеңесінде қаралды.

Оқу жылының басында директордың ТІ жөніндегі орынбасарлары К.М.Бертазина мен Р.Ж.Мурзагалиев «Біртұтас тәрбие» бір тұтас тәрбие бағдарламасына сәйкес сыныптарда тәрбие жұмысының жоспарларын қарады және мектеп директорымен бекітілді.

Қазан және желтоқсан айларында сынып жетекшілерінің жаңа тәсілдерді, технологияларды қолдану тиімділігі, сондай-ақ сынып сағаттарын дайындау және өткізу сапасы бойынша жұмысын бағалау мақсатында сынып сағаттарына қатысты.

Айта кету керек, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында құндылықтардың қалыптасуы сыныптан тыс тәрбие іс-шаралары аясында байқалады. Желтоқсан айында сынып жетекшілерінің жаңа тәсілдерді, технологияларды пайдалану тиімділігі, сондай-ақ «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру бойынша сынып сағаттарын дайындау және өткізу сапасы бойынша жұмысын бағалау мақсатында сынып сағаттарына қатысты.
Бағдарлама шеңберіндегі сынып сағаттары - бұл бағдарлама принциптерін енгізуге және дамытуға көмектесетін оқу процесінің маңызды элементі. № 1 мектеп-лицейде 1-1 сыныптардың сынып жетекшілері апта сайын сынып сағаты шеңберінде «Жеке қауіпсіздік», құқықтық жалпыға бірдей оқыту сабақтарын өткізеді, сондай-ақ айына бір рет 1-8 сыныптарға арналған Жол жүру ережесі бойынша тақырыптарды қарастырып отырады.
Қатысқан сынып сағаттары бағдарламаның негізгі принциптеріне бағытталған, мысалы:
- моральдық құндылықтар мен этикалық нормаларды дамытуға;
- салауатты өмір салтын қалыптастыруға;
- жеке қасиеттерін дамытуға ықпал ететін алуан түрлі жұмыс түрлеріне тарту. Сынып жетекшілері сынып сағаттарының сапасына әсер ететін әдістерді қолданады:
- интерактивті формаларды қолданады (топтық талқылау, миға шабуыл);
- материалды көрнекі және тиімді қабылдау үшін мультимедиялық ресурстарды пайдаланады;
- оқушылардың белсенді қатысуына ықпал етеді, олардың бастамасы мен пікірін қолдайды.
Сынып сағатының мақсатын іске асыру үшін сынып жетекшілері алуан түрлі әдістемелерді қолданды: әңгімелер мен талқылаулар, презентациялар мен бейнематериалдар, тарихи фильмдер мен өз халқының көрнекті тұлғалары, музыкасы мен өнері жайында бейнероликтерді көрсету, шығармашылық

тапсырмалар, ойындар мен викториналар, дәйексөздер мен мәтіндерді талдау.

Тұжырым: осылайша, «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жеке тұлғаны тұтас дамытуға, № 1 мектеп-лицейде сынып сағаттарын өткізуге бағытталған. Сынып сағаттарының тиімділігіне білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының жұмылдырыла жасалатын технологиясын сақтау арқылы, сондай-ақ, мектеп пен ата-аналар арасындағы серіктестікті сақтау арқылы қол жеткізілді.

**Екінші сұрақ бойынша** директордың ОІ жөніндегі орынбасары, бракераждық комиссияның төрайымы И.И.Солодкаяны тыңдадық.

Сөз сөйлеу барысында мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормативтерге сәйкес оқушыларға қызмет көрсету үшін асхана қажетті жабдықтармен жабдықталғаны анықтады. Асханада асхана мен оның қызметкерлерінің қызметін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық құжаттама: қызметкерлерге арналған нұсқаулықтар мен ұсынымдар, тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатын бракераждау журналдары, тоңазытқыш жабдығының температуралық режимін есепке алу, үшінші және тәтті тағамдарды дәрумендендіру, ас блогы қызметкерлерінің денсаулық жағдайын тіркеу журналы әзірленді.

Асхананың бөлмелері мен жабдықтары нормалар мен талаптарға сәйкес келеді. Тегін тамақтанатын оқушылар қатарына аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан балалар, қамқорлықтағы және мүгедек балалар, сондай-ақ, 1-4 сыныптың оқушылары кіреді.

Тегін ыстық тамақпен қамтылған әлеуметтік қорғалмаған санаттағы балалар-37 оқушы (оның ішінде, бастауыш буыннан 17 оқушы, орта буыннан 16 оқушы, жоғары буыннан 4 оқушы) 1-4 сыныптың оқушылары - 665 адам (97%), (2 оқушы тамақтанбайды - 1 оқушы тамақтанудан бас тартты (тамаққа аллергия) және 1 оқушы үйде оқиды).

Мектептің асханасында ата-ананың ақшасы есебінен ыстық тамақпен қамту ұйымдастырылған:

- 5-9 сынып оқушылары - 812 адам (98%); (үйде оқитын 1 оқушы)
- 10-11 сынып оқушылары - 101 адам (95%) (үйде оқитын 1 оқушы)

Мектепте барлығы 1619 оқушы оқиды, оның ішінде 1615 оқушы (99,7%) ыстық тамақпен қамтылды; (4 оқушы тамақтанбайды - 1 оқушы тамақтанудан бас тартты (тамаққа аллергия) және 3 оқушы үйде оқиды).

Мектепте барлық оқушылардың тамақтануын «СКАЗКА» ӨК қамтамасыз етеді. Сыныптар асханаға кесте бойынша 4 қоңырау үзілісі аралығында ұйымдасқан түрде барады.

Білім беру ұйымының барлық оқушыларын дұрыс тамақпен қамтамасыз ету үшін перспективалық ас мәзірі - мәзірді даярлау жөнінде ұсынылған формада, сондай-ақ, тағам рецептурасы туралы сандық деректерді қамтыған күнделікті мәзірге сәйкес бір аптаға жасалады.

Тұжырым: ыстық тамақты ұйымдастыруға арналған жағдайлар көңіл толарлық, асхананың санитарлық жағдайы қалыпты, тағамдардың дәмі қалыпты, бірақ келесі ескертулер бар: қабылдау кезінде тамақ салқын, сондықтан ас қалдықтары көп қалады;
барлық балаларға бірдей ұсынылатын тағамдардың сапасы мен ассортиментін ұнай бермейді.

**Үшінші сұрақ бойынша:** Әлеуметтік педагог Г.К.Калиеваның дәлелді себептермен жұмыста болмауына байланысты үшінші сұрақ келесі отырысқа, кейінге қалдырылды.

**Жоғарыда аталғандар негізінде шешім қабылданды:**

1.1 **Алғашқы сұрақ бойынша** - ақпарат мәліметке қабылдансын.
2.1 **Екінші сұрақ бойынша** - 1-11 сыныптың сынып жетекшілері тамақ қалдықтарының көп қалуына байланысты оқушылардың өсіп келе жатқан ағзасына ыстық тамақтың қажеттілігі жайында оқушылар және олардың ата-аналарымен түсіндіру іс-шараларын өткізсін;
Медицина қызметкері Б.У.Мурзахметова балалардың денсаулығын сақтау және нығайтудың негізгі факторы ретінде оқу үрдісі кезінде балаларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету қажеттілігі жайында ата-аналармен әңгіме өткізсін. Күн сайын органолептикалық бағалау жүргізу кезінде дайын тағамдардың сапасына назар аударсын.

**Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова

**Хатшы:** Д.Б.Евжанова

Кеңес мүшелері:
1. Ю.А.Каратаев
2. А.А.Ракович
3. Д.А.Качеев
4. В.Ф.Байгереева
5. А.В.Энгельгарт
6. Б.М.Утегенова
7. А.Б.Алтыбаева
8. Ю.А.Калюжная
9. Е.В.Сотников
10. М.Е.Сатубалдина
11. В.Рыдченко

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ Қамқоршылық кеңес отырысының**
**2025 жылғы 09 сәуірдегі**
**№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Кеңес мүшелері - 11
Қатысқандар - 9

**Өтетін орыны:** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп - лицейі» КММ, Чехов к-сі 98.

**Қатысқандар:**

1. *К.П.Ворожцова - Қамқорлық кеңесінің төрағасы*
2. *Ю.А.Каратаев*
3. *А.А.Ракович*
4. *В.Ф.Байгереева*
5. *А.Б.Алтыбаева*
6. *Ю.А.Калюжная*
7. *Е.В.Сотников*
8. *М.Е.Сатубалдина*
9. *В.Рыдченко*

**Қатыспағандар:** Д.А.Качеев, Б.М.Утегенова, А.В.Энгельгарт.

**Қатысқандар**: №1 мектеп-лицейдің директоры Б.К.Кажиякбаров, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.М.Бертазина.

**Күн тәртібі:**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыс туралы.
*Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.М.Бертазина*
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік.
*Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.М.Бертазина*

**Отырыс барысы:**

**Алғашқы сұрақ бойынша** директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазинаны тыңдадық.

Куляй Мухаметвалеевна мынаны ақпараттандырды: білім беру үрдісінің маңызды міндеттерінің бірі оқушылар үшін дами алатын, оқи алатын және өсе алатын қауіпсіз және үйлесімді орта құру болып табылатыны жайында айтты. Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу - бұл оқушылар арасындағы қылмыстың алдын алуға, тәртіпті сақтауға және құқықтар мен заңдарға құрмет көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Бұл мектептің, сондай-ақ, тәрбие жұмысының және ата-аналармен, құқық қорғау органдарымен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекет ету жүйесінің

маңызды бөлігі. Жыл бойы сынып сағаттарында, құқықтық жалпы оқыту жөнінде сабақтар мен жеке қауіпсіздік жөнінде сабақтарды өткізу барысында сынып жетекшілерінің рөлдік ойындары, іскерлік ойындар, сынып сағаттарында оқушыларға құқық бұзушылық салдарын түсіндіруге және олардың алдын алуға үйрететін тренингтер секілді белсенді оқыту әдістері қолданылды, мектептің тәрбие жұмысының жоспары бойынша азаматтық құқық бұзушылықты қалыптастыру жөнінде айлықтар мен апталықтарды ұйымдастыру құқық қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары аясында оқушылардың меншікті іс-әрекеттері үшін жеке жауапкершілігін қалыптастыруға, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулерді ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді.

Психологиялық қолдау көрсету:

- мектептің психологиялық қызметі агрессияға, құқық бұзушылыққа бейім немесе әлеуметтік тұрғыдан осал болуы мүмкін оқушылар қатарымен жеке және топтық кеңес өткізу;
- эмоцияларды, жанжалдарды, стресстік жағдайларды басқару бойынша тренингтер ұйымдастыру.
- Ата-аналармен жұмыс: ата-аналардың балаларды бақылау және олармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында ата-аналар жиналыстарын, оның ішінде құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбы бойынша тақырыптық кездесулерді өткізу;
- ата-аналар үшін олардың құқықтық сауаттылығын және балалардың мінез-құлқы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған ақпараттық кампаниялар мен тренингтер ұйымдастыру.

Мектепте зорлық-зомбылықты анықтау және оның алдын алу жөнінде шаралар:
Қауіпсіз білім беру ортасын құру мақсатында «Stop bullying» өңірлік бағдарламасын енгізу, жедел көмек көрсету "Код активі" түсіндіру науқаны - оқушылар зорлық-зомбылық, қорқыту немесе құқық бұзушылық жағдайларын құпия түрде хабарлауы үшін мектеп бұқара қоғамына арналған жасырын өтініштер жүйесін ұйымдастыру.

Есеп беру аралығында төмендегі нәтижелерді атап өтуге болады:

- Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық және қақтығыс оқиғалар саны азайған.
- Оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер арасында құқықтық сауаттылық деңгейін артқан.
- Мектептің құқық қорғау органдарымен және қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасау қимылдары күшейген.

**Екінші сұрақ бойынша** директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазинаны тыңдадық.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөнінде алдын алу шараларын қабылдау үшін мектепте барлық деңгейде үлкен жұмыс атқарылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері жалпы мектепшілік жиналыстар мен сыныптың ата-аналар жиналысында қаралады.

Жиналыс барысында оқушыларды бірінші сыныпқа қабылдау кезінде орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жайында ақпарат айтылады. Бірінші сыныпқа қабылдау процедурасы ашық және E-gov платформалары арқылы өтеді.

Мектеп жиналысында тұрақты түрде мектепке қажетті заттарды алу үшін ақша жинауға жол бермеу туралы ақпаратқа баса назар аударылады. Оқу жылының басында ақшалай қаражат жинауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі шаралар туралы бұйрық жасалады, ол мектеп сайтында орналастырылады.

Аталған (18.09.2024 жылғы №297) бұйрықпен педагогикалық ұжымның барлық мүшелері қолдарын қоя отырып таныстырылды.

Академиялық адалдық тақырыбында ашық сабақтар мен тренингтер өткізу мақсаты оқу жұмыстарында адалдықтың маңыздылығы жайында оқушылардың ақпаратпен қамтылу деңгейін арттыру, оқушылар бойынша көшіріп жазу, плагиатқа және академиялық бұзушылықтың басқа да түрлеріне сыни көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Бұл жауапты, этикалық және кәсіби тұлғаларды тәрбиелеудегі маңызды қадам.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі бойынша мектеп сайты. Нормативтік база бойынша барлық құжаттар бар, бұйрықтар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша талдамалық анықтамалар орналастырылады. Мектеп бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» әзірленді және бекітілді.
https://mektep1.edu.kz/index.php/kz/istoria-schkoli/pedagogik-kollektiv
Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы «Парасатты азамат» және «Адал ұрпақ» ақпараттық қабырға бар, олар тұрақты негізде жаңартылып отырады.

Сондай-ақ, стендтерде сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін сенім телефондарының нөмірлері орналастырылған.

**Жоғарыда аталғандар негізінде шешім қабылданды:**

**Алғашқы сұрақ бойынша** Қамқоршылық кеңеске арналған ұсыныстар:

1.1 Ақпарат мәліметке қабылдансын.

1.2 Оқушыларды құқықтық тәрбиелеу, психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуге және қолдауға белсенді қатысу.

1.3 Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалармен жұмыс істеу үшін қосымша ресурстарды ұйымдастыруға жәрдемдесу.

1.4 Ерікті бастамаларды және оқушылардың белсенді азаматтық қатысуын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға көмек көрсету.

1.5 Бірлескен профилактикалық акциялар өткізу үшін жергілікті құқық қорғау органдарымен ынтымақтасу.

**2.1 Екінші сұрақ бойынша -** Ақпарат мәліметке қабылдансын.

**Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова

**Хатшы:** Д.Б.Евжанова

Кеңес мүшелері:
Ю.А.Каратаев
А.А.Ракович
В.Ф.Байгереева
Е.В.Сотников
А.Б.Алтыбаева
М.Е.Сатубалдина
В.Рыдченко

Кеңес мүшелері:
Ю.А.Каратаев
А.А.Ракович
В.Ф.Байгереева
Е.В.Сотников
А.Б.Алтыбаева
М.Е.Сатубалдина
В.Рыдченко

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ Қамқоршылық кеңес отырысының**
**2025 жылғы 09 сәуірдегі**
**№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Кеңес мүшелері - 11
Қатысқандар - 8

**Өтетін орыны:** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп - лицейі» КММ, Чехов к-сі 98.

**Қатысқандар:**

1. *К.П.Ворожцова - Қамқорлық кеңесінің төрағасы*
2. *Ю.А.Каратаев*
3. *А.А.Ракович*
4. *Д.А.Качеев*
5. *В.Ф.Байгереева*
6. *А.В.Энгельгарт*
7. *Б.М.Утегенова*
8. *А.Б.Алтыбаева*
9. *Ю.А.Калюжная*
10. *Е.В.Сотников*
11. *М.Е.Сатубалдина*
12. *В.Рыдченко*

**Қатыспағандар:** Д.А.Качеев, Б.М.Утегенова, А.В.Энгельгарт.

**Қатысқандар**: №1 мектеп-лицейдің директоры Б.К.Кажиякбаров, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.М.Бертазина, әлеуметтік педагогі Г.К. Калиева.

**Күн тәртібі:**

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі жұмыс туралы.
   *Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.М.Бертазина*
2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік.
   *Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.М.Бертазина*
3. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан оқушыларға тегін ыстық тамақ беру туралы мәселені қарау (жоғарыда көрсетілген отбаса мәртебесін растау не АӘК алудан бас тарту кезеңінде осы санаттағы оқушыларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 Қаулысына (08.08.2022 ж. № 544 енгізілген өзгерістермен) сәйкес білім алушылардың өзге санаттарына ауыстыру қажет).
   *Әлеуметтік педагог Г.К. Калиева*

**Отырыс барысы:**

**Алғашқы сұрақ бойынша** директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазинаны тыңдадық.

Куляй Мухаметвалеевна мынаны ақпараттандырды: білім беру үрдісінің маңызды міндеттерінің бірі оқушылар үшін дами алатын, оқи алатын және өсе алатын қауіпсіз және үйлесімді орта құру болып табылатыны жайында айтты. Мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу - бұл оқушылар арасындағы қылмыстың алдын алуға, тәртіпті сақтауға және құқықтар мен заңдарға құрмет көрсетуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Бұл мектептің, сондай-ақ, тәрбие жұмысының және ата-аналармен, құқық қорғау органдарымен және басқа да мүдделі тараптармен өзара әрекет ету жүйесінің маңызды бөлігі. Жыл бойы сынып сағаттарында, құқықтық жалпы оқыту жөнінде сабақтар мен жеке қауіпсіздік жөнінде сабақтарды өткізу барысында сынып жетекшілерінің рөлдік ойындары, іскерлік ойындар, сынып сағаттарында оқушыларға құқық бұзушылық салдарын түсіндіруге және олардың алдын алуға үйрететін тренингтер секілді белсенді оқыту әдістері қолданылды, мектептің тәрбие жұмысының жоспары бойынша азаматтық құқық бұзушылықты қалыптастыру жөнінде айлықтар мен апталықтарды ұйымдастыру құқық қорғау және құқық бұзушылықтың алдын алу шаралары аясында оқушылардың меншікті іс-әрекеттері үшін жеке жауапкершілігін қалыптастыруға, сондай-ақ, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулерді ұйымдастыруға бағытталған іс-шаралар өткізілді.

Психологиялық қолдау көрсету:

- мектептің психологиялық қызметі агрессияға, құқық бұзушылыққа бейім немесе әлеуметтік тұрғыдан осал болуы мүмкін оқушылар қатарымен жеке және топтық кеңес өткізу;
- эмоцияларды, жанжалдарды, стресстік жағдайларды басқару бойынша тренингтер ұйымдастыру.
- Ата-аналармен жұмыс: ата-аналардың балаларды бақылау және олармен қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру мақсатында ата-аналар жиналыстарын, оның ішінде құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбы бойынша тақырыптық кездесулерді өткізу;
- ата-аналар үшін олардың құқықтық сауаттылығын және балалардың мінез-құлқы туралы хабардарлығын арттыруға бағытталған ақпараттық кампаниялар мен тренингтер ұйымдастыру.

Мектепте зорлық-зомбылықты анықтау және оның алдын алу жөнінде шаралар:

Қауіпсіз білім беру ортасын құру мақсатында «Stop bullying» өңірлік бағдарламасын енгізу, жедел көмек көрсету "Код активі" түсіндіру науқаны - оқушылар зорлық-зомбылық, қорқыту немесе құқық бұзушылық жағдайларын құпия түрде хабарлауы үшін мектеп бұқара қоғамына арналған жасырын өтініштер жүйесін ұйымдастыру.

Есеп беру аралығында төмендегі нәтижелерді атап өтуге болады:

- Оқушылар арасындағы құқық бұзушылық және қақтығыс оқиғалар саны азайған.
- Оқушылар, ата-аналар мен мұғалімдер арасында құқықтық сауаттылық деңгейін артқан.

- Мектептің құқық қорғау органдарымен және қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынас жасау қимылдары күшейген.

**Екінші сұрақ бойынша** директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазинаны тыңдадық.

Сыбайлас жемқорлық сипатындағы фактілерді және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау жөнінде алдын алу шараларын қабылдау үшін мектепте барлық деңгейде үлкен жұмыс атқарылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері жалпы мектепшілік жиналыстар мен сыныптың ата-аналар жиналысында қаралады.

Жиналыс барысында оқушыларды бірінші сыныпқа қабылдау кезінде орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жайында ақпарат айтылады. Бірінші сыныпқа қабылдау процедурасы ашық және E-gov платформалары арқылы өтеді. Мектеп жиналысында тұрақты түрде мектепке қажетті заттарды алу үшін ақша жинауға жол бермеу туралы ақпаратқа баса назар аударылады. Оқу жылының басында ақшалай қаражат жинауға және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға жол бермеу жөніндегі шаралар туралы бұйрық жасалады, ол мектеп сайтында орналастырылады.

Аталған (18.09.2024 жылғы №297) бұйрықпен педагогикалық ұжымның барлық мүшелері қолдарын қоя отырып таныстырылды.

Академиялық адалдық тақырыбында ашық сабақтар мен тренингтер өткізу мақсаты оқу жұмыстарында адалдықтың маңыздылығы жайында оқушылардың ақпаратпен қамтылу деңгейін арттыру, оқушылар бойынша көшіріп жазу, плагиатқа және академиялық бұзушылықтың басқа да түрлеріне сыни көзқарасты қалыптастыру болып табылады. Бұл жауапты, этикалық және кәсіби тұлғаларды тәрбиелеудегі маңызды қадам.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» бөлімі бойынша мектеп сайты. Нормативтік база бойынша барлық құжаттар бар, бұйрықтар, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бойынша талдамалық анықтамалар орналастырылады. Мектеп бойынша «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» әзірленді және бекітілді.
https://mektep1.edu.kz/index.php/kz/istoria-schkoli/pedagogik-kollektiv
Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы «Парасатты азамат» және «Адал ұрпақ» ақпараттық қабырға бар, олар тұрақты негізде жаңартылып отырады.

Сондай-ақ, стендтерде сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлау үшін сенім телефондарының нөмірлері орналастырылған.

**Үшінші сұрақ бойынша** әлеуметтік педагог Г. К. Калиеваны тыңдады.
«Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ орташа табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан қаржылық және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау және есепке алу қағидаларына сәйкес» және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген жетім балаларға, ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балараға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл көмекті талап ететін

отбасылардан шыққан балаларға және білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына тегін тамақ мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің мынадай санаттарына беріледі:
1) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;
2) Орташа табысты ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шыққан балаларға;
3) Жетім балаларға және отбасында тұратын ата - анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;
4) Төтенше жағдайлар нәтижесінде шұғыл көмекті талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;
5) Білім беру ұйымының алқалы басқару органы (бұдан әрі - білім алушылар мен тәрбиеленушілер) айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына беріледі.

Әлеуметтік педагог қамқоршылық кеңес мүшелерінен атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан оқушыларға тегін ыстық тамақ беру туралы шешім қабылдауды, отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеру актілері негізінде өзге санаттарға ауыстыруды сұрайды: 3 «Б» сыныптағы Заноза Маринаға, 5 «Г» сыныптағы Заноза Арсенийге, 7 «Б» сыныптағы Заноза Анастасияға, 3 «Е» сыныптағы Давыскибо Радмилеге, 4 «В» сыныптағы Коваль Артурға, 1 «В» сыныптағы Иштуганов Аликке, 3 «В» сыныптағы Иштуганов Асанға, 5 «Д» сыныптағы Иштуганов Расулға, 6 «Г» сыныптағы Иштуганова Аишаға, 8 «Г» сыныптағы Иштуганов Артурға, 3 «Г» сыныптағы Мамдеов Сұлтанға, 8 «В» сыныптағы Мамдеов Алиға.

**Жоғарыда аталғандар негізінде шешім қабылданды:**

**Алғашқы сұрақ бойынша** Қамқоршылық кеңеске арналған ұсыныстар:
1.1 Ақпарат мәліметке қабылдансын.
1.2 Оқушыларды құқықтық тәрбиелеу, психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуге және қолдауға белсенді қатысу.
1.3 Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардың балалармен жұмыс істеу үшін қосымша ресурстарды ұйымдастыруға жәрдемдесу.
1.4 Ерікті бастамаларды және оқушылардың белсенді азаматтық қатысуын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыруға көмек көрсету.
1.5 Бірлескен профилактикалық акциялар өткізу үшін жергілікті құқық қорғау органдарымен ынтымақтасу.
**2.1 Екінші сұрақ бойынша -** Ақпарат мәліметке қабылдансын.
**3.1 Үшінші мәселе бойынша** – Балаларды басқа санаттарға ауыстыру

**Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова

**Хатшы:** Д.Б.Евжанова

Кеңес мүшелері:
Ю.А.Каратаев
А.А.Ракович
В.Ф.Байгереева
Е.В.Сотников
А.Б.Алтыбаева
М.Е.Сатубалдина
В.Рыдченко

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**2025 жылғы 22 сәуірдегі**
**№ 7 ХАТТАМАСЫ**

**Өтетін орны:** Отырыс онлайн тәртібінде өтті
**Қатысты:** 9 адам
**Қамқорлық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова
**Хатшы:** Д.Б.Евжанова
**Шақырылғандар:**
**Мектеп директоры**: Б.К.Кажиякбаров
**Директордың орынбасарлары:** И.И.Солодкая, Н.Б.Ерденова, Т.Б.Федулова, К.М.Бертазина, Р.Ж.Мурзагалиев
**Әлеуметтік педагог:** Г.К.Калиева

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024-2025 оқу жылы өрттен зардап шеккен отбасылардан шыққан балаларға, 10 «Б» оқушысы Индира Арманқызы Кадироваға жалпыға бірдей білім беру қорынан «Жеңілдікпен тегін тамақтану» материалдық көмек көрсету туралы сұрақты қарастыру.

**Аталған сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Г.К.Калиеваны тыңдадық.**

10 «Б» сыныптың оқушысы Индира Кадированың жанұясы Чехов көшесі 50/1 мекен-жайында орналасқан жеке абаттандырылған үйде тұратын. Жеке үйдің өртке оpaнуына байланысты жанұя төтенше жағдайға тап болды (үйі өртеніп кетті). Баланың меншікті тұратын орыны жоқ, үйі қалыпқа келтіруді талап етеді.

Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңес мүшелерінен 10 «Б» сыныптың оқушысы Индира Кадированы жеңілдетілген тегін тамаққа қою, материалдық көмек көрсету туралы шешім қабылдауды сұрайды.

**Жоғарыда аталғандар негізінде шешім қабылданды:**

«Білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге арналған қаражатты қалыптастыру, бағыттау

және бөлу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына сәйкес тегін тамақтану мемлекеттік білім беру ұйымдарының келесі санаттағы оқушылары мен тәрбиеленушілеріне ұсынылады:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға;

3) отбасыларда тұратын жетім балаларға және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

4) төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға;

5) білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің (одан әрі оқушылар мен тәрбиеленушілердің)өзге де санаттарына.

**Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова

**Хатшы:** Д.Б.Евжанова

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ Қамқоршылық кеңес отырысының**
**2025 жылғы 16 маусымдағы**
**№ 8 ХАТТАМАСЫ**

Кеңес мүшелері - 11
Қатысқандар - 8

**Өтетін орыны:** Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп – лицейі» КММ, Чехов к-сі 98.

**Қатысқандар:**

1. *К.П.Ворожцова - Қамқорлық кеңесінің төрағасы*
2. *Ю.А.Каратаев*
3. *А.А.Ракович*
4. *В.Ф.Байгереева*
5. *Е.В.Сотников*
6. *А.Б.Алтыбаева*
7. *М.Е.Сатубалдина*
8. *В.Рыдченко*

**Қатыспағандар:** Д.А.Качеев, Б.М.Утегенова, А.В.Энгельгарт.

**Қатысқандар**: №1 мектеп-лицейдің директоры Б.К.Кажиякбаров, директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазина, директордың ТІ жөніндегі орынбасары Р.Ж.Мурзагалиев.

**Күн тәртібі:**

1. Оқушылардың жазғы бос уақытын ұйымдастыру. Мектеп жанындағы алаң мен экологиялық жасақтың жұмысын жоспарлау.
   Директордың ТІ жөніндегі орынбасары Р.Ж.Мурзагалиев

2. Мектепте балалардың құқықтарының сақталуын және қорғалуын қадағалау.
   Директордың ТІ жөніндегі орынбасары К.М.Бертазина

**Отырыс барысы:**

**Алғашқы сұрақ бойынша** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Р.Ж.Мурзагалиевты тыңдадық. Руслан Жусупбекович «2025 жылы жаз аралығында балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру туралы» 27.05.2025 жылғы №133 бұйрығымен таныстырды. Балалардың жазғы демалысы 2 маусымнан 27 маусым аралығында ыстық тамақпен қамтылған балалар күндіз келетін жазғы мектеп жанындағы алаңда ұйымдастырылады, бейіндік, пікірсайыс, спорттық, лингвистикалық алаңдардың жұмысы ұйымдастырылған. 5-8 сыныптың оқушылары қатарынан құрылған экологиялық жасақтың жұмысы 2025 жылғы 26 мамырдан 31

тамыз аралығында жұмыс жасайтын болады, сондай-ақ, алуан түрлі есеп түрлерінде тұрған балалардың бос уақыты қамтамасыз етілді. Мектепшілік есепте тұрған Д.Альмагамбетов психологиялық алаңға барады. Бақылауда тұрған әлеуметтік осал топтан шыққан балалар жазғы мектеп жанындағы алаңға қатысқан аралықта тегін тамақпен тамақтанатын болады және әлеуметтік педагог Г.К.Калиева қатаң бақылау жасап отырады.

**Екінші сұрақ бойынша** директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.М.Бертазинаны тыңдадық. Куляй Мухаметвалеевна - мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Заңға, Бала құқығы туралы Конвенцияға, сондай-ақ, мектептің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес оқушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын бақылау бойынша жұмысты жүйелі түрде жүзеге асыратынын атап өтті. Барлық оқушылар білім беру бағдарламаларына бірдей қол жеткізе алады. Қандай да бір белгілер бойынша кемсітуге жол берілмейді. Мектеп тегін жалпы білім беру, ЕБҚ балалар мен мүгедек балаларды инклюзивті оқытуға жағдай жасайды. Мектепте мектептегі қауіпсіз ортаны бақылау ұйымдастырылған. Қауіпсіздік техникасы бойынша тұрақты нұсқамалар, өртке қарсы жаттығулар өткізіледі, бейнебақылау жүргізіледі. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес, даулы оқиғаларды шешу бойынша мектептің бітімгерлік қызметі жұмыс істейді. Мектепте педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Апта сайын кесте бойынша эмоционалды интеллект, төзімділік қасиет пен қарым-қатынас мәдениетін дамытуға бағытталған сынып сағаттары өткізіледі. Жоғары сынып оқушыларының кеңесі, Мектеп парламенті белсенді жұмыс істейді, оның өкілдері мектеп бастамаларын талқылауға қатысады, мектеп конференцияларына қатысады, оқу жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді.

**Жоғарыда аталғандар негізінде шешім қабылданды:**

1.1. Алғашқы сұрақ бойынша Қамқорлық кеңесіне арналған ұсыныстар:
Ақпарат мәліметке қабылдансын.

2.1. Екінші сұрақ бойынша - Ақпарат мәліметке қабылдансын.
Әкімшілік ата-аналармен және қамқоршылық кеңес мүшелерімен ашық диалогқа қатысады, оқыту мен тәрбиелеу жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстарды құптайды.

**Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова

**Хатшы:** Д.Б.Евжанова

\

**Кеңес мүшелері:**

| | |
|---|---|
| Ю.А.Каратаев | В.Рыдченко |
| А.А.Ракович | Е.В.Сотников |
| В.Ф.Байгереева | А.Б.Алтыбаева |
| М.Е.Сатубалдина | |

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы**
**«Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 мектеп-лицейі» КММ**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**2025 жылғы 16 маусымдағы**
**№ 9 ХАТТАМАСЫ**

**Өтетін орны:** отырыс онлайн тәртібінде өтті
**Қатысты:** 9 адам
**Қамқорлық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова
**Хатшы:** Д.Б.Евжанова
**Шақырылғандар:**
**Мектеп директорының м.а.** Т.Б.Федулова
**Директордың орынбасарлары:** И.И.Солодкая, Н.Б.Ерденова, К.М.Бертазина, Р.Ж.Мурзагалиев
**Әлеуметтік педагог:** Г.К.Калиева

## КҮН ТӘРТІБІ:

1. Сот шешімі бойынша қамқорлыққа алған ата-аналар, сондай-ақ, ата-аналық құқықтан айрылған және ата-аналық құқыққа шектеу қойылған ата-аналардан алименттерді өндіріп алу жөнінде ақпараттандыру сұрақтарын қарастыру.

**Аталған сұрақ бойынша әлеуметтік педагог Г.К.Калиеваны тыңдадық.**

№1 мектеп лицейде 7 бала жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар санатына жатады, оның ішінде жетім балалар - Штиф Рудольф мен Тиунов Егор, сондай-ақ, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - Естыбаева Аруана, Морозов Кирилл, Баймбетов Тимур, Магадеева Амелия мен Магадеев Саят.

Мектептің әлеуметтік педагогы қамқоршыларға арналған жадынамалармен таныстырып, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодекске сәйкес ата-аналардан алимент өндіріп алу тәртібі және құқығы туралы түсіндірді.

Мәселен, бүгінгі таңда №1 мектеп-лицейде бір бала - К.Морозов алимент алады, қамқоршы Н.В.Богданова болып табылады, Қамқоршылардың сөзінше - А.Естыбаеваның қамқоршы Б.И.Кстаува, Т.Баймбетовтың қамқоршысы Коношкина атқарушы чекті қайтарып алды, С.Магадеев пен А.Магадееваның қамқоршысы М.А.Магадеева асыраушысынан айрылғандығы бойынша жәрдемақы алады, балалар анасынан алимент алмайды.

М.А.Магадеевамен алимент өндіріп алу және алимент бойынша берешек сомасы туралы Жеке сот орындаушысынан қаулыны тапсыру жөнінде түсіндірме әңгіме жүргізілді

**Жоғарыда аталғандар негізінде шешім қабылданды:**

1) Қамқоршы М.А.Магадееваға алимент өндіріп алу туралы қаулы алу үшін Жеке сот орындаушысына жүгіну жайында ұсыныс жасалсын.

2) Барлық қамқоршылар баланың құқығын қорғау саласында заңнаманы қатаң түрде сақтауы тиіс.

**Мектептің қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** К.П.Ворожцова

**Хатшы:** Д.Б.Евжанова